

Жауынгердің ұрыстағы іс- әрекеті



ҰРЫСТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ ЖЕКЕ
ЖАУЫНГЕРДІҢ, БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ТАНК ЖӘНЕ
МАШИНАЛАР ЭКИПАЖДАРЫНЫҢ, ЗЕҢБІРЕКТЕР
МЕН МИНАТҚЫШТАР ЕСЕПТОБЫНЫҢ ЖӘНЕ Т.
Б. ТАБЫСТЫ ҚИМЫЛЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
БОЛАДЫ.

ЖАУДЫ ЖЕҢУ ҮШІН ӘРБІР ЖАУЫНГЕР ӨЗ
ҚАРУЫ МЕН ҰРЫС ТЕХНИКАСЫН ЖЕТІК БІЛІП,
ОЛАРДЫ ҰРЫСТА ШЕБЕРЛІКПЕН ҚОЛДАНЫП,
ҚАРСЫЛАСТЫҢ ТІРІ КҮШІ МЕН ҰРЫС
МАШИНАСЫН НЕҒҰРЛЫМ КӨП ЖОЮЫ КЕРЕК.




Жауынгер ұрыста қатардан шығып қалған жолдасының орнын ауыстыру үшін аралас әскери мамандықты игеріп, взводтың, бөлімшенің жауынгерлік міндетін және өз міндетін, ұрыста бақылау жүргізуді білуге

Жауынгер ұрыста командирді қорғауға және күзетуге, командирдің рұқсатынсыз өз орнын тастап кетпеуге, қарсыласты қолда бар құралдармен жоюға, жолдасына көмек көрсетуге міндетті



Фланговая атака



Элемент поддержки

Элемент маневра

- Жауынгер жаяу ретпен қимылдаған уақытта жеделдетілген адым, жүгіре өту немесе жер бауырлай қозғалу әдісімен жылжйды.
- Жауынгер, қарсыластың атысы жетпейтін жерлерден жедел адымдап немесе жүгіріп өтеді. Бұл кезде ол қаруын ата бастау жағдайында, яғни дүмді бүйірге қысып ұстайды.
- Жатып ату жағдайынан жүгіре өту үшін, жауынгер әуелі 20-40м-ге дейінгі аралықтағы қозғалыс жолын және демалатын жерін бағдарлап алады. Одан соң тез тұрып, белгіленген орынға дереу жүгіре отырып жетуі тиіс. Бұндай жүгіре өту кезінде қарсылас дәлдеп оқ ата алмайды. Жеткеннен кейін сарбаз атысқа дайындалады да, басқа жауынгерлердің жүгіріп өтуін атыспен қорғайды.




Рис. 78. Принятие положения для стрельбы лежа

- Қазіргі кезде әр түрлі инженерлік бөгеттер, әсіресе миналанған алаңдар, сымды бөгеттер және т.б. қолданылады. Ұрыста жауынгерлік міндеттерді тез және табысты орындау үшін жауынгер инженерлік бөгеттерді тауып, олардан өтуді шебер меңгеруі тиіс.



- Миналы - жарғыш бөгеттердегі өтпелерден өту жарғыш тәсілмен немесе миналық тралмен жабдықталған танктер арқылы жүзеге асады. Сымды бөгеттерден өту тәсілдері: сырт киімін төсеніш ретінде пайдалану; тиімді заттармен сымды көтеру арқылы; сымды қайшымен немесе сүңгі пышақпен қию арқылы. Электрлі бөгеттерден өтуді тек саперлар ғана жүзеге асырады.



- Мотоатқыш бөлімшесінде қарсыласқа бақылау жүргізу үшін бақылаушы тағайындалады. Бөлімше командирі бақылаушыға келесі міндеттерді жүктейді: бақылау орнын бүркемелеу және жабдықтау; бақылаудың көрсетілген секторындағы жергілікті жерді және заттарды зерттеу; жергілікті заттарға дейінгі қашықтықты өлшеу және жергілікті жердің сызбасын құрастыру; қарсыласты байқаған сәтте оның орнын анықтап бөлімше командиріне баяндау және оны бақылау журналына жазу.
- Оның қолында бақылау аспаптары (дүрбі, стереотүтік немесе перископ), жергілікті жердің картасы немесе сызбасы, бақылау журналы, компас және сағат болуы керек. Бақылау үшін өзі қарсыласқа көрінбейтіндей, бірақ мүмкіндігінше көбірек естіп, көре алатындай болып орналасуы керек.



- Бақылау үшін белгіленетін орын - бақылау аймағын жақсы шолу болатындай; авиация, артиллерия атысынан және ядролық қарудың зақымдағыш факторларынан қорғанатындай болуы қажет.
- Бақылаушының баяндауы қысқа әрі нақты болуға тиіс. Бақылаушы қатты айғайламай, командир еститіндей дауыспен бағдар немесе жергілікті жерге қатысты алғанда нысананың жағдайын, оның қимыл - әрекетін баяндайды. Егер бақылаушы радиоактивті немесе химиялық зақымдануды байқап қалса, ол дереу қорғаныш құралдарын киеді де, командирге баяндайды және бақылауды жалғастырады.




Рис. 23. Переползание:
а — по-пластунски;
б — на полчетвереньках;
в — на боку



PAXMET !